

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 94 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамына "Ғ.Мұратбаев" автоматты газ тарату стансасының газ құбыры тармағын және анодты жерге тұйықтау өткізгішін салуға қауымдық сервитут белгілеу үшін жердің жер пайдаланушыларынан алып қоймастан 0,5563 гектар жер учаскесіне 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

Жер учаскесі Ақтөбе ауылдық округі аумағында орналасқан.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Джилкибаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келес ауданының әкімі

Ж. Агибаев

Келес ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "28" сәуірдегі
№94 қаулысына қосымша

"Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамына "Ғ.Мұратбаев" автоматты газ тарату стансасының газ құбыры тармағын және анодты жерге тұйықтау өткізгішін салуға қауымдық сервитут белгілеу көлемдері

№	Ауыл, ауылдық округтің атауы	Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	Соның ішінде				
			Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	Оның ішінде			
				егістік	Оның ішінде: Суармалы егістік	Көп жылдық екпелер	жайылым
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ақтөбе а/о	0,5563	0,5563	-	-	-	0,5563
	Барлығы	0,5563	0,5563	-	-	-	0,5563

